

Темір ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 16 шілдедегі № 194 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 шілдеде № 3977 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 97 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданының әкімдігінің 22.04.2015 № 97 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 27 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі № 371 "Ішкі сауда Ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес Темір ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Темір ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Мұңайтбасовқа жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Қаниев

Темір ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 16 шілдедегі
№ 194 қаулысына қосымша

Темір ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы орындар

№	Атауы	Сауда орындары
Ақсай ауылдық округі		
1	Ақсай ауылы	Төсбұлақ көшесі (ауылдық Мәдениет үйінің қасында)
Қайыңды ауылдық округі		
2	Құмқұдық ауылы	Мектеп көшесі (ауылдық Мәдениет үйінің қасында)
3	Бабатай ауылы	Жиеналы хазірет көшесі (ауылдық медициналық пункттің қасында)
4	Шибұлақ ауылы	Бұлақты көшесі (№ 5 үйдің қасында)

Кенкияк ауылдық округі		
5	Кенкияқ ауылы	Парк көшесі ("Ақбота" бала-бақшасының қасында)
Шұбарши ауылдық округі		
6	Шұбарши кенті	Геолог көшесі ("Жұмагүл" дүкенінің қасында)
Шұбаркұдық ауылдық округі		
7	Шұбаркұдық кенті	Асау-барак көшесі ("Наурыз" дүкенінің қасында)
8	Шұбаркұдық кенті	Привокзальная көшесі (Теміржол вокзалының қасында)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК